

18+

Бүркіт Шемір

Құдайдан Қорқу

Бүркіт Темір Құдайдан қорқу

<https://litres.ru/74248882>

ISBN 9785007046916

Аннотация

Бұл кітапшада жазған өмірімдегі тәжірибем мен жеке ойларымды жазуға тырыстым. Қатты сынға алмауға шақырамын. Бәлкім бұл жазғаным біреуге көмек болар.

Содержание

Алғы сөз	5
Мазмұны	6
Ғайып	7
Раббыңды пәктеу	9
Жала жабу	11
Дұшпаннан қорықпау	13
Ойланбайтын	16
Конец ознакомительного фрагмента.	19

Құдайдан қорқу

Бүркіт Темір

© Бүркіт Темір, 2026

ISBN 978-5-0070-4691-6

Создано в интеллектуальной издательской системе Ridero

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапшада көбіне өз ойымды жеткізуге тырыстым. Сондықтан мені қатты сынға алмауға шақырамын. Бұл өмірде әркім өз ойын айтуға және жазуға құқығы бар деп санаймын. Сондай-ақ кімде-кімге бұл жазғаным оның сеніміне ауыр тисе, одан алдын ала кешірім сұраймын. Бұл тек менің жеке ойым және жеке өмірімнен алған тәжірибемен бөлісу.

Мазмұны

Ғайып.	1
Раббыңды пәктеу	2
Жала жабу	3
Дұшпаннан қорықпау	4
Ойланбайтын.	5
Шыншылдық.	6
Сырт айналмау	7
Құлшылық ету	8
Жан тәнімен берілу	9
Құдайдан қорқу	10
Міндет	11
Бағыну	12
Аманат	13
Тәуекел.	14
Тура жол.	15
Жақсылық жасау	16
Әділ үкім.	17
Дұшпанды қорқыту	18
Пайғамбарға еру	19
Жәрдемдесу	20
Басқа жолдарға түспеу	21

Ғайып

Жас кезімде көп аура беретінмін. Ата-анам бақсы емшілер-ге апарып жүретін. Олар: «тіл көз бар» -деп, су, тұмар т.б. заттарды оқып беретін. Кей кезде келешекті болжап беретін жайлары болатын. Осы күні болжағандары дәлме-дәл бол- ды деп айту қиын. Әрине ол бақсы, емшілер жаман ниеттері болды деп айталмаймын. Жаратушы оларға адам емдеу, көріккелдік қасиет берген. Олар сол қасиетті пайдаланып, барынша адамдарға көмектескісі келеді. Алайда бұл ара- да адамдардың дұшпаны шайтан араласпай қоймайды деп ойлаймын. Өйткені ол көріпкелге сеніп, бір талай топ адам барады. Сондықтан бір талай топ адамды тура жолдан тай- дыру үшін, шайтанға сол бір көріпкелді тура жолдан тайды- ру жеткілікті. Жаратушы: «Күлі аспан әлеміндегі һәм жерде- гі бірде-бір жан ғайыпты білмейтінің. Ғайыпты тек Өзі ғана білетінің» — атап айтады. Сондықтан көріпкел айтқанындай болады деп кесіп айту қиын. Тағы бір жай ол біз көріпкелге сенім келтіріп, Жаратушыға серік қосқан боламыз. Бір нәр- сені есте шығармаған жөн деп ойлаймын. Емшілік, көріп- келдік қасиет ол бір құдыретті Алладан. Қай сәтте болсын Жаратушыны еске алып, мақтау айтсақ Жаратушыға серік қосудан алыс боламыз деп ойлаймын. Осы арада жаман ой салушы шайтанда Алланы еске алғанда бізден алыстайды. Оған бір мысал: «Иса» пайғамбар халықты Құ-

дай берген қасиетпен емдегенде, бір талай адам Құдайды еске алып мақтау айтып, тура жолды тапты, ал бір талайы Құдайды ұмытып мақтауды Исаға арнады. Осылайша шайтан оларды адасу жолына түсірді. Сондықтан көріпкелдің айтқанындай болады деп, не жұлдыз жорамал бойынша болады деп және т.б. амалдар арқылы ғайыпты нақты білеміз деп сенбейік. Өйткені ғайыпты бір Жаратушы Алла ғана біледі. Енді әрине біздің жанымыздың әлсіз тұсы ғайыпты білгіміз келеді. Ал бұл біздің әлсіз тұсымыз шайтан пайдаланбай қоймайды, соны есімізде сақтайық. Қай кезде болсын, бір Жаратушыға сенейік және Оған ғана тәуекел етейік!

Раббыңды пәктеу

Осы күндері бес уақыт бес уақыт намаз туралы жалпы ислам діні туралы қарама- қайшы пікірлерді естіп, көріп жатамыз. Бес уақыт намаз туралы Құранда айтылмаған деп те айтып жатқандар бар. Жаратушы- мыз: «Олардың айтып жатқан сөздерге сабыр ет және күн шығуынан және батуынан бұрын Раббына мадақ-алғыс айту мен пәкте және намаз оқы! Түн кезеңдерінде және де күндіз кезеңдерінде де тасбих айт, намаз оқы, әрине сонда разы боласың» — деп бұйырады. Сондықтан сол белгіленген кезеңде Раббымызды еске алып, дұға еткеніміз дұрыс болар. Раббымызды еске алып қана жанымыз тыныштық табады, әрі тура жолдан тайып, адасып кетпеуге себепті болады деп ойлаймын. Осы күндері жалпы ислам діні таралған елдерді, дамыған елдермен салыстырғанда, жалпы әлемнің дамуына, экономикасының дамуына қосып жатқан үлесі аз деп жатқандар бар. Оған себеп дін, құлшылық бес уақыт намаз көп уақыт алады т.б. себептерді айтатындар аз емес. Мен ойымша оның бір себебі дамыған елдер өз күш қуатын пайдаланып

,сол дамымаған елдердің байлығын пайдаланып, өздерінің дамуына жаратып жатқаны бар. Әрине бұдан кейін дамыған елдер өзгенің байлығын пайдаланып дами береді. Бай байлығын жасайды, ал кедей кедейлігін. Байға қолындағы жалшы болып, жатқан кедейдің білімді және өзімен қатар болға-

ны қажет емес, оған тек надан құл айтқанды орындап, арзан жал ақыға жұмыс істегені қажет. Бұны біз бүкіл әлем елдерін қарайтын болсақ болып жатқан жағдай: дінді бұрмалау, бір ел-дің халқын бір-біріне айдап салу т.б. әрекеттер жасалу себебі тек бір мақсат ол ел қараңғылықта жүргені керек. Сонда ғана дамыған елдер, дамымаған елдің дүниесіне, арзан жұмысшысына т.б. игіліктеріне қол жеткізеді. Сондықтан осы күні бес уақыт намаз туралы қозғап жатқанына, айтқандарына сабыр етуіміз қажет. Раббымызды белгіленген уақыт-та пәктеп мадақ айтып еске алайық. Сонда ғана жан тыныштығымен шынайы бақытқа жетеміз, әрі Раббымыздың нығметтеріне разы боламыз. Тек өзара бөлінбейік. Жаратушымыз өзара бөлінбеуге бұйырған. Тату болайық. Өзара бір-бірімізге сенбеушілік және дұшпан көзбен қарамайық. Біз бір-бірімізге дұшпан емеспіз, нағыз дұшпан ол шайтан. Бұл әлемде қандай дінді ұстансақта бізде бір мақсат ол өзімізді жамандықтан тиып, жақсылыққа бет бұрып, оны ұстану. Жақсы игі амалдар және жанның тазалығы Құдай қаласа бізді жетістікке жеткізеді.

Жала жабу

Кей сәтте ойланбастан біреуге жала жаба саламыз. Өзімізді өзгеден аппақ көріп, тілімізбен біреуді масқаралауға дайын тұрамыз. Алайда қанша жала жапсақта, түбтін-түбінде ақиқаттың беті ашылады. Алланың қалауымен. Сонда ғана біздің ісіміз дұрыс емес, бұрыс екенін жұрттың алдында ап-айқын көрінеді. Көбіне біз біреудің жетегінде кетеміз. Сол жаланы естігенде, сол айтып жатқанға ілесіп кетеміз. Ішкі жан дүниемізді тындамай, Құдайды еске алмай: «бұл айқын жала» -деудің орнына: «а солайма» — деп жала жабушымен бірге қосылып күнәға батамыз. Жаратушымыз: «Арсыздықтың күнәнің не екенін де білмейтін, ары мен көңілі таза мүмін әйелдерге зина жасады деп жалған жала жапқандар бұл дүниеде ақыретте де лағынеттеледі, сондай-ақ оларға алапат азап бар» — деп ескертеді. Бұл аят пайғамбарымыздың (с.а.с) әйелі Айша (р.а) туралы түскен болу керек. Ол кісі бір жол сапарда, жұрттан қалып қояды. Кейін ол кісіні іздестіруге бір жас сахабаны жібереді. Олда көп уақытқа жоғалып кеткен болу керек. Содан біраз уақыт өткеннен кейін екеуі жол сапардағы жұртқа қосылған. Бұны көрген кейбір сахабалар жала жауып, өсек-ғайбат тарата бастаған. Кейін бұл өсек халықтың арасында тарап, Айша (р.а) қиын жағдайға тап болды. Әрине бұл жала деп ақтаушылар бар еді. Басты ақтаушы Жаратушының Өзі болды. Осы аят- тарды

түсіріп, Айша (р.а) ақтап шығарды. Сондықтан бізге қандай жала жабылсада түбтін-түбінде ақтаушымыз Жара- тушы. Өйткені Ол бәріне куә. Біз өз тілімен өзгеге жала жа- уып, өз-өзімізге үлкен қасырет тауып алуымыз мүмкін. Бұл қа- сыретке лекпеу үшін барынша бұдан аулақ болайық.

Дұшпаннан қорықпау

Бұл өмірде бәріде қорқады. Ештеден қорықпаймын деген жалған ай- тушы. Бір нәрседен қорқудың ұяттығы жоқ. Алайда өз қорқынышымен күресу- спеу ұят. Бұл қорқыныштармен адам өмір бақи өмір сүруі мүмкін, немесе осы қорқыныштарымен күресіп, жеңіске жетуі мүмкін. Өмір бақи қорқақ болу немесе батыр болу, ол біздің әрқайсымыздың өз таңдауымыз. Кейде кітаптардан, теледидардан естіп, көрген батырларды еске аласын. Отан соғысында батыр жандар алған бетінен қайтпай, қаруын қолынан тастамай жан тапсырған қаншама. Кейбір батыр жандарды дұшпанның өзі құрмет көрсетіп, тұтқыннан босатып және көмгендерде бар. Қазіргі заманда көптеген адамдардың ерлігі- не тәнті боласын, олар туралы оқып, бейне жазбалар арқылы көріп таң қаласын. Осы күндері Жаратушы бізге олар туралы көруге, естуге нәсіп етіп отыр. Олардың ерліктері елауызында қалып, бізге үлгі болып қалды. Жаратушымыз: «Уа сенім келтіргендер! Құдайға сенбейтін дұшпан қолымен бетпе-бет келгенде, жалт беріп тұра қашпандар. Кімде-кім сондай күнде басқа жаққа қарай ойысып, қайта шабуыл жасауды немесе өзге жасаққа қосылуды көздемей оларға ту сыртын беріп тура қашатын болса, Құдайдың қаһарына ұшырайды һәм ақыр соңы баратын жері жаһаннам болады» — деп қатты ескертеді. Сондықтан біз шыбын жа-

нымызды сақтап қаламыз деп, қашатын болсақ, керсін- ше сол жанымызды құрдымға итереміз. Иса пайғамбар айтқандай: «Кімде-кім өз жаның сақтап қалуды ойласа оны әлбетте жоғалтады». Қаншама адамдар дұшпанына қорқып қашқан, өз елін сатқандар, халықтың лағынетіне, қарғысына ұшырады. Өз еліне қара бет болған жан, бәлкім өмірінің соңына дейін адамдардың жаман көз қарасына тап болуы мүмкін. Бұл оның осы дүниедегі жазасы, ал ақыреттегі жазасы не екенін бір Құдай біледі. Мен 11 сыныпты тамандап жатқанда, әкем мені әскери институтқа оқуға орналастырмақ болды. Онда менің нағашы ағам жұмыс істейтін. Менде іштей әскери қызметті қаламадым, әрі қорқыныш болды. Бұны әкеме және туған-туыстарымма айта алмадым көңілдерін қалдырам ғой деп. Әкем 11 сынып бітіргенімді көре алмай өмірден озды. Ауырып жүрген еді, ауруы раққа ұласып кеткен екен. Бұны біз кеш білдік. Бұл жылда мен оқуымды дұрыс бітіре алмадым. Әскери институтқа түсетін балды жинай алмадым. Бірақта нағашы ағам мені келесі жылы әскери институтқа түсірмек болды. Сондықтан бір жыл оқып дайындалуға маған нұсқау айтты. Бір жылдан соң әскери институттың казармасында үміткер болып орналастым. Сол институтта тест тапсырып курсант болу тиіс едім, бірақ екі-үш күндей әскери өмірді көрген соң, кетуге шешім қабылдадым. Нағашы ағам бір талай ақылын айтып, қалуға көндіріп еді, алайда мен көнбедім. Осылайша қара бет болып, елге қайттым. Кейін бір талай уақыт өткен соң, өз қорқыны-

штармен жеңіп, әскерге барып, өз борышымды өтедім. Осы күні ойласам, сол күндері өз қорқыныштарымды жеңсем, бәлкім бәрі басқаша болар ма еді. Бұл күндері офицерлік шенде қызметімді өтеп жүрерме едім, оны бір Жаратушы Алла біледі. Сондықтан қорқынышты ойларды салушы шайтанға ермейік, бір Жаратушыға сенейік.

Ойланбайтын

«Ертелі кеш құлшылық еткенімен, мен Жаратушының аяттарын, оқығанда ойланып, жүрекке түйюші болдым ба?» — деп кейде іштей өз-өзіме сұрақ қоямын. Әрине орынды сұрақ. Өйткені кей амалдарым, Құдайға сенген адамның амалына ұқсамайды. Қалай күнә жасадым, солай жасаушы болып қалатын жайым бар. Осыдан кейін: «Егерде мен Жаратушының аяттарын жүрегіме қондырып, ақылға салсам, бәлкім мен мұндай күнә жасаушылардан болмас па едім» - деген ойға келесін. Жаратушы бізге: «Құлақтарына кірген сөз жүректеріне қонбаса да, „естідік“ деп айтқандардың кебін қимендер. Өйткені тіршілік иелерінің ең жаманы-ақылға салып ойланбайтын керең мылқаулар» - екенін атап ескертеді. Осыған орай бір бейне жазба есіме түсіп отыр, осы күнде. Бір жас жігіт таң-ата жұмысқа бара жатып, игі амалдар істейді. Жол жөнекей біредің гүл құмырасын суарады. Жолда қайыр сұрап тұрған ана мен қызға әмияндағы бар ақшасын береді. Арбасын сүйреп бара жатқан қарт әйелге көмектеседі. Түскі асын қанғырып, жүрген итпен бөліседі. Кешке қарай үйіне келгенде көрші қарт әйелдің есігіне білдірмей, жемістерді іліп кетуші болады. Жатарда барынша жан тәнімен сәждеде Құдайына құлшылық етеді. Ол будизм дінін ұстанушы. Бұл адамның амалдарын көріп, ол ислам дінін ұстанбаса да, тозақтық болуы мүмкін емес де-

ген ойға келдім. Йә бәлкім көпшілік менің ойыма қарсылық білдірер. Алайда біз қандай дінді ұстансақта бастысы Жаратушы- мызға игі амалдармен және таза жүрекпен қайту деп ойлаймын. Әрі барша пайғамбарлардың шақырғаны: ол жаман істерден, жаман ойлардан айырылу, тек жақсы амалдарға тырысып талпыну және жақсы ойларды жүрегімізге қоң- дыру болу керек. Өйткені бұл дүниеде жақсылықпен игілікті егсен, ақырет- те оратының сол болмақ. Ал енді жамандық болса, оратының сол жамандық болмақ. Ешкім кінәлі емес, біз өз-өзімізге қиянат жасаушымыз. Міне осыны пайғамбарлар ескертпек болды білем. Жаратушының аяттарын ойла- нып оқи- тын болсақ, міне осы негізге тап боламыз. Бұл пай- ғамбарлар Жаратушыдан әкелген ілімді, қай заманда болсын өз пайдасына асырған адамдар болған және бола береді. Өйт- кені дін ол адамдарды басқару, бағындыру құралы және та- быс көзі. Осылайша біз көпшілігіміз сол адамдардың жете- гінде кетеміз. Бір- бірімізді тыңдамай, біздікі дұрыс деп, өз- генікі бұрыс деп жүрген жайымыз бар. Мен- мендік бізді билеп алды ғой деп ойлаймын. Бұл жерде шайтанда бос қа- рап қалмаған болу керек. Осы күні көріп жатқан әр түр- лі дін өкілдері, бір дін ішінде тармақталып бөлінуі, әр түр- лі құлшылықтар, адамдардың бөлінуі, бір-біріне жат болуы, бір-бірімен дін үшін соғысып қақтығысуы т.б. амалдар, бұл шайтанның сыбырлауымен пайда болған амалдар болса ке- рек. Алайда қай дінді алсақта, ішінде ақиқаты да бар, жалға- ны да бар. Сол ішіндегі ақиқат бізді сол дінге ертіп, әкетеді.

Ал бұл ақиқатты Жаратушы бізге әрқайсымыздың шыбындай жанымызға, ол бастан құйып қойған. Бізге тек жүрегімізге үңіліп ойлану керек. Бәлкім сонда ғана дінімізде қай жері жалған, қай жері ақиқат екенін, танып білеміз.

Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «Литрес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на Литрес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.